ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ӨРТ СӨНДІРЕТІН ЗАТТЫ ҚАТТЫ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН БЕРЕТІН, ТАСЫМАЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ӨРТ СӨНДІРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАР
Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная
ПЕРЕНОСНЫЕ И ПЕРЕДВИЖНЫЕ УСТРОЙСТВА ПОЖАРОТУШЕНИЯ С ВЫСОКОСКОРОСТНОЙ ПОДАЧЕЙ ОГНЕТУШАЩЕГО ВЕЩЕСТВА
Общие технические условия

ҚР СТ 2428-2013

ГОСТ Р 53291-2009 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру затын жоғары жылдамдықпен беретін тасымалды және жылжымалы өрт сөндіру құрылғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері, MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ӨРТ СӨНДІРЕТІН ЗАТТЫ ҚАТТЫ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН БЕРЕТІН, ТАСЫМАЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ӨРТ СӨНДІРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАР
Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2428-2013

ГОСТ Р 53291-2009 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру затын жоғары жылдамдықпен беретін тасымалды және жылжымалы өрт сөндіру құрылғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері, MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамымен **ӘЗІРЛЕНДІ**

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетімен **ЕНГІЗІЛДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2013 жылғы «28» қарашадағы № 548-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт түсіндірмелері «Кіріспе» құрылымдық элементінде берілген өнімнің қосымша талаптарын және сынақ әдістерін енгізу жолымен ГОСТ Р 53291 - 2009 «Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру затын жоғары жылдамдықпен беретін тасымалды және жылжымалы өрт сөндіру құрылғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері» Ресей Федерациясының ұлттық стандартына қатысты түрлендірілген және стандарт мәтіні бойынша көлбеу қаріппен белгіленген.

ГОСТ Р 53291 - 2009 Ресей Федерациясының Азаматтық қорғаныс істері, төтенше жағдайлар және табиғат апаты салдарларын жою жөніндегі министрлігінің «Бүкілресейлік өртке қарсы қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік мекемесімен әзірленген.

Негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 53291 - 2009 ресми даналары, сондай-ақ сілтеме берілген мемлекетаралық стандарттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

2 «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде нормативтік құжаттарға сілтемелер көкейтесті етілген.

ГОСТ Р 53291 - 2009 құрылымын осы ұлтық стандарттың құрылымымен салыстыру Ж қосымшасында берілген. ГОСТ Р 53291 - 2009 құрылымы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының құрылуы, баяндалуы, ресімделуі және мазмұны ерекшеліктеріне байланысты өзгертілген.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 1996 жылғы 22 қарашадағы № 48-1 «Өрт қауіпсіздігі туралы» заңдарының; 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 «Сәйкестікті растау процедуралары» техникалық регламентін бекіту туралы», 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 «Орамаға, таңбалауға, заттаңбалауға және олардың дұрыс түсірілуіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы», 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулыларының номалары жүзеге асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2018 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Жіктеу	5
5	Жалпы техникалық талаптар	6
6	Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптары	12
7	Қабылдау ережелері	13
8	Сынақтар әдістері	14
9	Тасымалдау және сақтау	32
10	Пайдалану нұсқаулықтары	32
11	Дайындаушы кепілдіктері	32
	А қосымшасы (ақпараттық).. Өрт сөндіру құрылғыларының құрылымдық белгісі	33
	Б қосымшасы (міндетті). Өрт сөндіру құрылғыларының қабылдау-тапсыру, кезеңділік және сертификаттау сынақтарының бағдарламасы	34
	В қосымшасы (міндетті). А және В класының үлгілі өрт ошақтарының параметрлері ГОСТ 27331 бойынша	38
	Е қосымшасы (міндетті). Өрт сөндіретін заттың ағынында ағу тогын анықтауға арнылған сынақ стендінің сұлбасы	40
	Ж қосымшасы (ақпараттық) ГОСТ Р 53291 - 2009 ұлттық стандарты құрылымын осы ұлттық стандарты құрылымымен салыстыру	41
	Библиография	44

Кіріспе

ГОСТ Р 53291-2009 Ресей Федерациясының ұлттық стандартына қатысты осы стандартқа енгізілген негізгі ережелер төменде атап өтілді:

а) «Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері» стандартының атауы ҚР СТ 1.5 - 2008 (8.4 бөлім «Жалпы техникалық шарттар стандарттарының мазмұны») талаптарына сәйкес «Жалпы техникалық шарттар» өзгертілді.

б) бөлімдер мен бөлімшелер енгізілді:

- 5.2 «Құрылымға қойылатын талаптар»,
- 5.3 «Материалдарға қойылатын талаптар»;
- 5.4 «Сыртқы әсерлердің төзімділігіне қойылатын талаптар»,
- 5.5 «Сенімділік талаптары»;
- 8.2 «Сынақ әдістері»;
- 10 «Пайдалану нұсқаулары»;
- 11 «Дайындаушы кепілдіктері»;

в) қосымша талаптар енгізілді:

- буып-түюге және таңбалауға (5.7 бөлімше);
- қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына (6-бөлім);
- қабылдау ережелеріне (7-бөлім);

г) жаңа бақылау ережелері енгізілді:

- өрт сөндірушілердің жеке қорғау құралдарының жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтарға (8.3.8-бөлімше);
- сақтандыру құрылғыларының (қақпағының) жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтарға (8.3.15-бөлімше);
- тасымалдау кезінде механикалық әсерлерге өрт сөндіру құрылғыларының тұрақтылығын анықтау бойынша сынақтарға (8.3.25 бөлімше);

д) Қосымшалар енгізілді:

- А (ақпараттық). Өрт сөндіру құрылғысының құрылымдық белгісі;
- Б (міндетті). Өрт сөндіру құрылғыларының қабылдау-тапсыру, кезеңділік және сертификаттау сынақтарының бағдарламасы;
- Ж (ақпараттық). ГОСТ Р 53291 - 2009 ұлттық стандарттың құрылымын осы ұлттық стандарты құрылымымен салыстыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ӨРТ СӨНДІРЕТІН ЗАТТЫ ҚАТТЫ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН БЕРЕТІН, ТАСЫМАЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ӨРТ СӨНДІРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАР
Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2015-04-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт өрт сөндіру заттарын жоғары жылдамдықпен беретін тасымалды және жылжымалы өрт сөндіру құрылғыларының (бұдан ары мәтін бойынша - өрт сөндіру құрылғылары) жалпы техникалық талаптарын, сынақ әдістері мен қабылдау ережелерін, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, сондай-ақ өнімді сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандарт ГОСТ 27331 бойынша А және (немесе) В, С класты өрттің бастапқы өршу кезеңінде жану ошағына 60 м/с артық жылдамдықпен өрт сөндіру затын беруге арналған, Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін отандық және импорттық өндірістің өрт сөндіру құрылғысына, сондай-ақ 1000 В дейін кернеуде болатын электржабдықтарға таралады.

Осы стандарт көлік құралдарының өртке қарсы қорғауға арналған өрт сөндіру құрылғысына таралмайды.

Стандарт ережелері өнімді әзірлеуде және өндіріске қоюда, өнімді өндіруде, өткізуде және жаңартуда қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Буып-түю, таңбалау, заттаңбалау және оны дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген)

«Өндірістік объектілерде сигнал түстеріне, өлшемдері мен қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 803 қаулысымен бекітілген).

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қантардағы № 14 қаулысымен бекітілген).

«Объектілерді қорғау үшін өрт техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қантардағы № 16 қаулысымен бекітілген).

«Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігіне қойлатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 2157 қаулысымен бекітілген).

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарының тұрпатын бекіту және сынақтарды жүргізу тәртібі.

Ресми басылым

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестатау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 -2002 Сигнал түстері, қауіпсіздік белгілері мен сигнал белгісі. Жалпы техникалық шарттар мен қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1088 -2003 Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1599-2006 Өрт техника. Өрт сөндірушілердің жеке қорғау құралдары. Қысыңқы ауасы бар демалу аппараттары. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ҚР СТ 1601-2006 Өрт техникасы. Өрт сөндіргіштердің жеке қорғаныс құралдары. Қысыңқы ауасы бар демалу аппараттары. Баллондар. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ҚР СТ 1604-2006 Өрт техникасы. Өрт сөндірушілердің деп алу органдарының жеке қорғаныс құралдары. Беттегі бөлімдер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ҚР СТ 1721-2007 Мотор отыны. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17025- 2007 Сынақ және калибрленген зертханалар құзыреттігіне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51057-2005 Өрт техникасы. Тасымалданатын от сөндіргіштер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ГОСТ 2.601 -2006 Құрылымдық құжаттама бірыңғай жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 9.014-78 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Бұйымдардың уақытша тоттануға қарсы қорғанасы. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.032-74 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Лак-бояу жабындар. Топтар, техникалық талаптар және белгілер.

ГОСТ 9.104-79 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Лак-бояу жабындар. Пайдалану шарттар топтары.

ГОСТ 9.301-86 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Металл және металсыз бейорганикалық жабындар. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.302-88 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Металл және металсыз бейорганикалық жабындар. Бақылау әдістері.

ГОСТ 9.303-84 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Металл және металсыз бейорганикалық жабындар. Таңдауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 9.308-85 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Металл және металсыз бейорганикалық жабындар. Жылдамдатылған тоттану сынақтарының әдістері

ГОСТ 9.311-87 Тоттанудан және ескіруден бірыңғай қорғау жүйесі. Металл және металсыз бейорганикалық жабындар. Тоттану зақымдарын бағалау әдісі.

ГОСТ 12.0.004 -90 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқыту ұйымы ұйымы. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.0.230 -2007 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Қорғаныс еңбегін басқару жүйесі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өндірістік жабдығы. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.037-78 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жұмысшыларды қорғау құралдары. Жалпы талаптар мен жіктеу.

ГОСТ 12.4.021 -75 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Желдеткіш жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 27.410-87 Техникадағы сенімділік. Сенімділік көрсеткіштерін бақылау әдістері және сенімділікке бақылау сынақтар жоспарлары.

ГОСТ 949-73 Рр < 19,6 МПа (200 кгс/см2) газдарға арналған орта және аздаған көлемінің болат баллондары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшемді шыны ыдысы. Цилиндрлер, мензуркалар, құтылар, түтіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2405-88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, арынөлшегіштер, тартымөлшегіштер және тартымарнаөлшегіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2874-82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар мен сапаны бақылау.

ГОСТ 6709-72 Тазартылған су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7193-74 Индукциялық қол анемометрі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7502 -98 Металл өлшегіш рулеткалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8476-93 Тікелей күші бар ұқсас көрсететін электрөлшегіш құралдар мен оларға көмекші бөліктер. 3- бөлім. Ваттметрлер мен варметрлерге қойылатын ерекше талаптар.

ГОСТ 8486-86 Қылқанды тектердің пиломатериалдары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8510-86 Ыстықтай төселген сөрелері тең емес болат бұрыштар. Сортамент.

ГОСТ 9569-79 Парафинделген қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9909-81 Өзара байланысушылықтың негізгі нормалары. Газдарға арналған шұралар мен баллондардың коникалық оймасы.

ГОСТ 13646 -68 Дәлдік өлшемдеріне арналған шыны сынапты термометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13837 -79 Арналуы жалпы динамометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, құралдар мен басқа техникалық өнімдер. Түрлі климаттық аумақтарына орындау. Сыртқы орталардың климаттық факторларды әсерлеуші бөлігінде пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары, санаттары

ГОСТ 16504-81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйелері. Өнім сапасын бақылау және сынау. Негізгі терминдер мен анықтамалар

ГОСТ 16588-91 Кесілген ағаш өнімдері және ағаш бөлшектері. Ылғалдығын анықтау әдістері.

ГОСТ 18140 -84 ГСП дифференциалды манометрлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 18321-73 Статистикалық сапаны бақылау. Даналық өнімнің іріктемелерін кездейсоқ іріктеу әдістері.

ГОСТ 21752 -76 «Машина-адам» жүйесі. Басқару сермері мен штурвалдар. Жалпы эргономикадық талаптары.

ГОСТ 21753 -76 «Машина-адам» жүйесі. Басқару рычактары. Жалпы эргономикадық талаптары.

ГОСТ 23170-78 Машинажасау бұйымдарына арналған орама. Жалпы талаптар.

ГОСТ 23852-79 Лак-бояу жабындар. Сәндік қасиеттері бойынша таңдауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 24705-2004 Негізгі өзара байланысушылық нормалары. Метрлік ойма. Негізгі өлшемдер.

ГОСТ 27331 -87 Өрт техникасы. Өрттерді жіктеу.

ГОСТ 28234-89 Сыртқы факторлар әсеріне сынақ негізгі сынақ әдістері. 2 Бөлімі. Сынақтар. Kb сынағы: тұз тұманы, циклдік (натрий хлоридінің ерітіндісі)

ГОСТ 30630.1.2 -99 Машиналар, құрылғылар мен басқа техникалық бұйымдардың механикалық сыртқы әсерлеуші факторларына тұрақтылығына сынақ әдістері.

ГОСТ OIML R 111-1-2009 Е дәлдігінің класстарының гирялары (1индексі), Е (2 индексі), F (1 индексі), F (2 индексі), М (1 индексі), М (1-2 индекстері), М (2 индексі), М (2-3 индексі) және М (3 индексі). 1 Бөлім. Метрологиялық және техникалық талаптар.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктегіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтеме және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алуға тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта «Объектілерді қорғау үшін өрт техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті, ҚР СТ 1088 және ГОСТ 16504 белгіленген терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Әрекетке өрт сөндіру құрылғысын дайындау уақыты:** Әрекетке өрт сөндіру құрылғысы берілгеннен бастап уақытың аралығы (блоктауды шешу, шұраның ашылуын және т.б.) жіберу элементіне берілетін импульстің берілуіне дейін.

3.2 **Өрт сөндіру құрылғысының дайындау уақыты:** Жіберу элементіне берілетін импулсьтің берілісіне дейін қысымның көзі мен өрт сөндіру затының зарядтаумен қайта зарядтау алдындағы уақыт аралығы.

3.3 **Өрт сөндіру затының заряды:** (20 ± 2) °С температурада өрт сөндіру құрылғысының корпусында өрт сөндіру затының салмағы немесе көлемі.

3.4 **Өрт сөндіру құрылғысының серпінділігі**: Өрт сөндіру затының шығуы алдына дейін өрт сөндіру құрылғысының жіберу элементіне жіберілетін импульстың берілу мзмтінен бастап уақыт аралығы.

3.5 **Қысым көзі:** Газгенерацияланған элементі, жану ошағында өрт сөндіру затын беру үшін артықшылық қысым құрыйтын қысыңқы газ немесе тікелей газы бар баллон.

3.6 **Өрт сөндіру құрылғысының құрылымдық салмағы:** Өрт сөнідіретін заты мен қысым көзінің зарядтауышы жоқ өрт сөндіру толық жинақталған құрылғысының салмағы.

3.7 **Өрттің модельді ошағы:** Белгіленген пішіндері мен өлшемдерінің өрт ошағы.

3.8 **Өрт сөндіру құрылғысы корпусының үрлеу:** жұмыс қысымына дейін шығарылатын газбен, өртсөндіретін затпен зарядталған өрт сөндіру құрылғысының корпусын толтыру.

3.9 **Өрт сөндіру құрылғысының жалпы даярланған салмағы:** Өрт сөндіру затын зарядтаумен және қысым көзімен толық өрт сөндіру құрылғысының салмағы.

3.10 **Өрт сөндіру қабілеті:** Белгілі класстар мен атақтардың модельді өрт ошақтарының сөндірілуін қамтамасыз ететін өрт сөндіру құрылғысының қабілеті.

3.11 **Тасымалданатын өрт сөндіру құрылғысы:** Жалпы саймандалған салмағы 20 кг көп емес өрт сөндіру құрылғысы.

3.12 **Өрт сөндіру жылжымалы құрылғысы:** Жалпы (толық) саймандалған салмағы 20 кг көп өрт сөндіру құрылғысы.

3.13 **Қайта зарядталған өрт сөндіру құрылғысы:** Қызмет көрсету мерзімі ішінде және (немесе) қолдану процесінде өрт сөндіру құрылғысы өрт сөндіру затпен және шығаратын газбен немесе газгенерацияланған элементімен қайта зарядталған болуы керек.

3.14 **Әрекет ұзақтылығы:** Берудің аяқталуы мезетінен өрт сөндіру құрылғысынан өрт сөндіру затының шығысының мезетінен уақыты.

3.15 **Жұмыс қысымы** ($P_{раб}$): Өрт сөндіру құрылғысын пайдалану берілген тәртіпте қамтамасыз етілетін өрт сөндіру затымен түтіктегі шығаратын газдың қысымы.

3.16 **Өрт сөндіру құрылғысының жұмысқа қабілеті:** Параметрлер мәнідері белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру нормативтік және нормативтік

техникалық құжаттама құрылғысына техникалық құжаттама талаптарына сәйкес (күшінің уақыты, тез күшінің енуі және жұмыс істелгеннен кейін өрт сөндіру затының қалдығы) болған өрт сөндіру құрылғысының жағдайы.

3.17 **Өрт сөндіру құрылғысы:** Өрт сөндіру затын беру және сақтау қызметі біріктірілген құрылғы.

3.18 **Өрт сөндіру затын жоғары жылдамдықпен беретін өрт сөндіру құрылғысы:** Шығыста 60 м/с көп өрт сөндіру затын беру жылдамдығымен өрт сөндіру құрылғысы.

3.19 **Үздіксіз әрекеттің өрт сөндіру құрылғысы:** Өрт сөндіру затының барлық зарядының салмағын бір уақытта шығаратын өрт сөндіру құрылғысы.

3.20 **Кезеңділік әрекеттің өрт сөндіру құрылғысы:** Өрт сөндіру затының барлық зарядының салмағын толықтай шығаруға дейін қайта зарядтауды талап етпетін бөлек үлестермен өрт сөндіру затының зарядын шығаратын өрт сөндіру құрылғысы.

3.21 **Бұзылатын корпусы бар өрт сөндіру құрылғысы:** Корпусы жіберілетін импульстың әсерінен қысу көзімен пайда болатын ішкі қысым астында бұзылатын өрт сөндіру құрылғысы (оның бөлігі, берілген қимасы және т.б.).

3.22 **Лақтыру тұрпатты өрт сөндіру құрылғысы:** Өрт сөндіру затын кейін лақтырып тікелей өрт ошағына берілетін жедел қолданылатын өрт сөндіру құрылғысы.

3.23 **Циклдер саны**: Өрт сөндіру қайта зарядталған құрылғы үшін өрт сөндіру затының бөлек шығысының (тасталым) толық мөлшері.

4 Жіктеу

Өрт сөндіру құрылғысы мынадай жіктеледі:

а) құрылымдық орындалуы бойынша:

- тасымалданатын (дорба немесе тасылатын);
- жылжымалы, арбада жөнделген;
- тізбекті шассиде тасымалданатын;
- лақтырылатын;

б) қолданылатын өрт сөндіретін затының түрі бойынша:

- су;
- ауа-көбікті;
- ұнтақты;
- газ;
- аэрозольды;
- құрамдастырылған;

в) отсөндіру затының шығару сипаты бойынша:

- үздіксіз (реттік) әсері;
- қосымша қайта зарядтаусыз кезеңділік әрекеті;
- импульстік әрекеті;

г) Өрт сөндіретін затын шығару үшін газдың артық қысымын құру принципі бойынша:

- тартылған;
- газқорытатын (оқ-дәрі, пиротехникалық және т.б.) элементпен ;
- қысыңқы немесе сұйылтылған газы бар баллонмен;

д) өрт сөндіретін затын беру екершеліктері мен ұйымдастыру тәсілі бойынша:

- бағытталған тасталым;
- көлемдік тасталым;

е) өрт сөндіру құрылғысының корпусын орындау бойынша:

- бұзылатын немесе бөшекті бұзылатын корпусымен;
- бұзылмайтын корпуспен.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Өрт сөндіру құрылғылары техникалық регламенттер талаптарына сәйкес болуы керек: «Объектілерді қорғау үшін өрт техниканың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар, «Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын қауіпсіздік талаптары», белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда ұлттық стандарттар мен басқа нормативтік және нормативтік техникалық құжаттар.

5.1.2 Өрт сөндіру құрылғылары белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада өтінім берілген А және (немесе) В класстарының модельді ошағының сөндірілуін қамтамасыз ету керек, бірақ бірден бұзылатын корпусының күшімен өрт сөндіру құрылғыларын қоспай, ҚР СТ ГОСТ Р 51057 белгіленген өрт сөндіру құрылғыларына сәйкес белгілі дәрежелер мен класстарының модельді ошақтарынан төмен емес болуы керек.

Зарядтау салмағы мен өрт сөндіру затының түріне байланысты тасталынатын тұрпатты өрт сөндіру құрылғысын 1000 В дейін кернеуде бар электржабдықтау өрттерін сөндіру үшін қолдануға жіберіледі.

5.1.3 Өрт сөндіру құрылғылары:

а) қолдануға дайындалу уақыты – белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысына нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес;

б) қолданылу уақыты:

- үздіксіз қолданылу өрт сөндіру құрылғысы үшін – 1 с көп емес;
- кезеңділік әрекеттің өрт сөндіру құрылғылары үшін – белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысына нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес.

5.1.4 Кезеңділік әрекетінің өрт сөндіру қайта зарядтау ұзақтылығы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысына нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген мәніне сәйкес болуы керек.

5.1.5 Өрт сөндіру құрылғысында жұмыс істеу серпінділігі мыналардан көп емес болуы керек:

а) 1 с – Өрт сөндіру жылжымалы және тасымалданатын құрылғылар үшін;

б) 10 с – тасталынатын тұрпатты өрт сөндіру құрылғысы үшін.

5.1.6 Шашыратқыш-саптама (өзегі) кесігінде өлшенетін өрт сөндіру затын беру жылдамдығы 60 м/с кем емес болуы керек.

5.1.7 Бағытталатын тасталым өрт сөндіру құрылғылары үшін өрт сөндіру затын беру алыстығы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген, бірақ ҚР СТ ГОСТ Р 51057 -2005 (5.19 тармағын қараңыздар) белгіленген ағымның ұзындығы мәнінен төмен емес мәндеріне сәйкес болуы керек.

5.2 Құрылымға қойылатын талаптар

5.2.1 Өрт сөндіру құрылғының құрылымы екі элеменеттерден құралуы керек (бұдан ары - элементтер)*:*

а) *жабдықталған монометрі мен сақтандырғыш құрылғы, қысым көзімен өрт сөндіретін затын сақтауға арналған баллон (сауыт);*

б) *тығын арматураны:*

- тығын-жіберу құрылғылар;

- тығын құрылғылар (вентильдер);

в) *қолмен жіберу құрылғысы;*

г) *от сөрндіретін затын беруге арналған икемді құбыр (жоғары қысымды шланг);*

д) *шашыратқыш-саптама (өзегі).*

1 ЕСКЕРТПЕ Өрт сөндіру құрылғысының құрылымына кіретін элементтер құрамы қнімнің дайындаушы-зауытымен анықталады және белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетіледі.

2 ЕСКЕРТПЕ Өрт сөндіру тасымалданатын құрылғының құрылымында өрт сөндірушілердің жеке қорғаныс құралдарын көздеуге рұқсат етіледі.

5.2.2 Өрт сөндіру тасымалданатын құрылғының құрылым құрамына кіретін өрт сөндірушілердің *(қысыңқы ауамен демалу аппараты)* жеке қорғанысы:

а) вентилі бар (вентильдер) баллондар (баллондар);

б) сақтандырғыш клапаны бар редукторлар;

в) ауа жүретін шлангпен жеңіл автоматы;

г) ауаны беру құрылғысы;

д) дыбыс сигналды құрылғы;

е) манометр;

ж) сөйлесетін құрылғы мен шығыс клапаны бар бетінің бөлігі;

и) бетінің бөлігіне арналған сөмкелер (футляр).

Өрт сөндіру тасымалданатын құрылғының құрамына кіретін өрт сөндірушілерді жеке қорғау құралдары (қысыңғы ауамен деп алу аппараты) ҚР СТ 1599, ҚР СТ 1601 және ҚР СТ 1604 талаптарына сәйкес болуы және өрт сөндіру құрылғының ілмекті жүйесіне сенімді бекітілуі керек.

5.2.3 Өрт сөндірушілердің жеке қорғаныс құралының қорғаныс күшінің шарттық уақыты (қысыңқы ауамен демалу аппараты) (20 ± 1) мин кем емес құрастыру керек.

5.2.4 Өрт сөндіру құрылғының жалпы жабдықталған салмағы мен өрт сөндіру затының зарядтау салмағының мәні белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген мәндерінен ажыратылмау керек.

5.2.5 Өрт сөндіретін затын сақтау үшін баллонның (сауыт) сыйымдылығы рауалы қателігі 5 % көп емес белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген мәніне сәйкес болуы керек және мынадай шектерде болуы керек:

а) 20 дм^3 - 250 дм^3 дейін – өрт сөндіру жылжымалы құрылғылар үшін;

б) 0,2 дм^3 - 20 дм^3 - өрт сөндіретін жылжымалы құрылғылар үшін;

в) 0,2 дм^3 - 6 дм^3 - өрт сөндіру тасталынатын құрылғылар үшін.

5.2.6 Шығарылатын газдың ағымы мыналардан аспау керек:

а) қысым индикаторы бар тартылым түрпатты өрт сөндіру құрылғылары үшін – жылда жұмыс қысымынан 10 % баламалылықты шамасы;

б) қысыңғы газбен 5 % немесе 50 г (осы шамалардан аздағаны) баллоны (сауыты) бар құрылғылар үшін.

5.2.7 Өрт сөндіру құрылғыларының жұмысынан кейін өрт сөндіретін затының зарядтау қалдығының салмағы:

а) 15 % көп емес - өрт сөндіру ұнтақты құрылғылары үшін,

б) 10 % көп емес- бірден қолданыстағы қалдықты өрт сөндіру құрылғылары үшін құралады.

Кезеңділік қолданыстағы өрт сөндіру құрылғылары үшін өрт сөндіретін затының зарядтау қалдығының салмағы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген мәніне сәйкес болуы керек.

5.2.8 Бұзылмайтын корпусының өрт сөндіру құрылғысы *«Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар»*, техникалық регламенті ГОСТ 949 талаптарына сәйкес болуы және:

а) сынама сынақ қысымда $P_{сн}$;

б) шектеулі сынақ қысымда $P_{шект}$, 2,7 $P_{жұм\ max}$ тең, бірақ 5,5 МПа кем емес кезінде төзімділігін сақтау керек.

ЕСКЕРТПЕ Өрт сөндіру құрылғысын пайдалану барынша температурада құралатын $P_{жұм\ max}$,жұмыс қысымының барынша рауалы мәнінің маңызы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетіліп, дайындаушы-зауытпен белгіленеді.

5.2.9 Газгенераторлық элементі мен жіберу баллонымен (сауытпен) жабдықталған бұзылатын корпуспен өрт сөндіретін құрылғы рауалы мәнінен жоғары қысымды арттырудан баллонды (сауытты) сақтайтын құрылғысы бар болуы керек.

Сақтандырғыш құрылғының жұмыс істеу қысымы теңестіруге тиісті қысым ауқымында бар болуы керек.

$$P_{жұм\ max} < P_{қжұм} \leq P_{сн}, \qquad (1)$$

$P_{жұм\ max}$ - өр сөндіру құрылғының барынша жұмыс істеу қысымы;

$P_{қжұм}$ – сақтандырғыш құрылғының жұмыс істеу қысымы;

$P_{сн}$ - өрт сөндіру құрылғысының сынама сынақ қысымы.

ЕСКЕРТПЕ Тығын-жіберу құрылғының сақтандырғыш құрылғысы ретінже пайдаланбайды.

5.2.10 Өрт сөндіру құрылғысының жұмыс істеу уақытында артықшылық қысымында бар полимерлік бөлшектер:

а) белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген ($P_{сн}$) сынама сынақ қысымында әсер етуі кезінде, (20 ± 2) °С тиісті температурада, сондай-ақ аздаған және барынша пайдалану жұмыс істеу температурада;

б) пеште бабына келтіруден кейін (жасанды ескіру).

5.2.11 Өрт сөндіру құрылғысы құрылғы корпусында «температура-қысым» ара қатынасты есепке алып таңдалған жұмыс істеу ауқымы бар монометр (қысым индикаторы) бар болуы керек.

Монометр шкаласының барынша қысымның мәні (20 ± 2) °С қоршаған орта температурада зарядтау қысымы 150 %-дан 250 % дейін шегінде болуы керек

5.2.12 Манометр шкалада (қысым индикаторы) белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыда нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген аздаған және барынша жұмыс істеу қысымының мәндері секторымен белгіленген немесе сандармен көрсетілуі керек.

Жұмыс қысымының ауқымын оқшаулайтын манометр (қысым индикаторы) шкаласының телімі жасыл түске боялуы керек.

Төменгі қысым – қызыл түс, ал жоғарғы қысым – қызыл немесе басқа (жасыл түстен басқа) түсті білдіретін жұмыс қысымының ауқымынан тыс шкала телімдері.

5.2.13 Манометр (қысым индикаторы) шкаласының телімі боялған сызық, жол немесе секторын түсіру жолымен көрсетілген түсті реңдерімен бөлуге сондай-ақ ұсынылады.

Манометрдің дәлдік классы (қысым индикаторы) 1,5 кем емес құралуы керек.

Манометрдің негізгі қателігі (қысым индикаторы) меженің барлық ауқымында ГОСТ 2405 белгіленген,*бірақ 4 % артық емес мәндерден аспауы керек.*

Өрт сөндіру құрылғысының құрылымында оларды тексеру үшін өлшеу құрылғыларын жою мүкіндігін көздеуі керек.

5.2.14 Тығын-жіберу құрылғысы барынша жұмыс істеу ($P_{жұм\ max}$) қысымында герметикалығын қамтамасыз ету керек.

5.2.15 1000 В дейін кернеу астында бар электржабдықтау өрттерін сөндіруге арналған өрт сөндіру құрылғылары үшін 0,5 мА аспауы керек.

5.2.16 Қол механикалық жіберу кезінде қолданыстағы өрт сөндіру құрылғыны келтіру және блоктау фиксаторын шешу шарттары:

а) қолдың саусағымен - 100 Н;

б) қолдың шынтағымен - 200 Н деген мәндерінен аспауы керек.

5.2.17 Өрт сөндіретін заты ретінде ұнтақ қолданылатын қысыңқы газдың баллондары немесе газгенераторларымен жабдықталған кезеңділік әрекетті өрт сөндіру құрылғысы ұнтақты сұйылту үшін аэратормен жабдықталуға тиіс, ал айдалған тұрпатты өрт сөндіру құрылғысы ұнтақтан қысым индикаторының оқшаулануын қамтамасыз ететін сүзгі элементімен жабдықталуы керек.

5.2.18 Тасымалдау және тасталынатын өрт сөндіру құрылғысы бекіту үшін тіреуіш немесе басқа элементтер бар болуы керек.

Тіреуіш немесе басқа бекіту элементтері, өртсөнжіру құрылғысының толық салмағынан бес рет асатын пішін және геометриялық өлшемдері өзгерілмей статикалық жүктемені бабына келтіру керек.

5.3 ***Материалдарға қойылатын талаптар***

5.3.1 *Өрт сөндіру құрылғысын және оның элементтерін дайындау үшін қолданылатын материалдада сапа және қауіпсіздігін растау туралы құжаттар бар болуы керек.*

5.3.2 Өрт сөндіру құрылғысы және оның элементтері үшін қолданылатын материалдар дайындау және пайдалану кезінде адамның ағзасына зиян және түршіктіретін әсерін білдірмеу керек.

5.3.3 Өрт сөндіру құрылғысының корпусына коникалық және метрлік ойма қосылыстары ГОСТ 9909 және ГОСТ 24705 талаптарына сәйкес орындалуы керек

5.4 Сыртқы әсерлеріне тұрақты талаптар

5.4.1 Өрт сөндіру құрылғылары және оның элементтері белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген қызмет көрсету мерзімі ішінде сыртқы және ішкі тоттану әсеріне тұрақты болуы керек.

Тоттануға салынатын дәне тоттанбаған-тұрақты материалдардан дайындалған өрт сөндіру құрылғылары және оның элементтерінде ГОСТ 9.301 және ГОСТ 9.303 талаптарына сәйкес қорғаныс-сәндік және қорғаныс жабындар бар болуы керек.

5.4.2 Лакты сыртлық жабындар ГОСТ 9.032, ГОСТ 9.104 және ГОСТ 23852 талаптарына сәйкес орындалуы керек, белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген қызмет көрсету мерзімі ішінде қорғаныс және сәндік қасиеттерін сақтау керек.

5.4.3 Өрт сөндіру құрылғысының сыртқы корпусының беті «Өндірістік объектілерде сигнал түстеріне, өлшемдері мен қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті сондай-ақ ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 талаптарына сәйкес боялуы керек.

ЕСКЕРТПЕ Тапсырушы талабы бойынша өрт сөндіру құрылғысының корпусын бояу интерьер реңіне жасау керек.

5.4.4 Өрт сөндіру құрылғыда пайдаланатын саптама шашыратқыштар (өзектер) тоттану және жылу әсеріне тұрақты болуы керек.

Тоттану тұрақтылығы болмайтын материалдардан дайындалатын саптама-шашыратқыштарда (өзектер) ГОСТ 9.301, ГОСТ 9.303 сәйкес қорғаныс және қорғаныс

сәндік жабындар бар болып, (250 ± 5) °С темпетаруда 5 мин кем емес қыздырыып бабына келтірілуі керек.

5.4.5 Өрт сөндіру құрылғылары мен олардың элементтері климаттық әсерлеріне тұрақты орындау санатының бөлігінде ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес болуы керек.

Өрт сөндіру құрылғылары және олардың элементтерін пайдалану температуралық ауқымы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетілуі керек.

Өртсөндіретін зат ретінде өрт сөндіру құрылғылары үшін аздаған температуралық қолданылуы плюс 5 °С құралатын қоспаларсыз су қолданылады.

5.4.6 Өрт сөндіру құрылғысы тасымалдау кезінде механикалық тербелуіге тұрақты болуы керек.

5.5 Сенімділігіне қойылатын талаптар

5.5.1 Тасымалдау ыдыстағы өрт сөндіру құрылғылары белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген шектеріндегі жұмысшы сипаттамыларының мәндерін сақтап, бір рет бос құлаудан кейін көрінетін механикалық зақымдар болмауы керек.

Құлау биіктігі тасымалдау ыдыста (орамада) өрт сөндіру құрылғысының салмағына байланысты 1-кесте бойынша анықталады.

1-кесте – Салмағына байланысты өрт сөндіру құрылғысының құлау биіктігін анықтау

Тасымалдау ыдыста (орамада) өрт сөндіру құрылғысының салмағы, кг	Өрт сөндіру құрылғысының құлау биіктігі, мм
2-ге дейін	1000
2-ден – 5 дейін	500
5-тен 10 дейін	250
10-нан 50 дейін	100
50-ден жоғары	50

Тасталынатын тұрпатты өрт сөндіру құрылғысы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген шектеріндегі жұмысшы сипаттамыларының мәндерін сақтап, (2,5 ± 0,1) м кем емес биіктіктен бір рет бос құлаудан кейін көрінетін механикалық зақымдар болмауы керек.

5.5.2 *Өрт сөндіру құрылғылары мен олардың элементтерінің мүмкін бас тартылмайтын жұмысының есептік мәні* ГОСТ 27.410 бойынша 0,95 кем емес болуы керек.

5.6 Жиынтықтылығы

5.6.1 Жеткізу жинағына:

а) өрт сөндіру құрылғылары мен оның элементтері 5.2.1 бойынша жинақта;

б) өрт сөндіру құрылғысын пайдалану бойынша нұсқаулығы, сондай-ақ ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес құралған төлқұжат;

в) қысым астында жұмыс істейтін баллонға (түтік) төлқұжат;

г) ыдысқа түсетін өрт сөндіру құрылғысын буып-түюге арналған жәшік;

д) арнайы аспап және заттарды қажеттілігі болса, қосалқы бөлшектер кіруге тиіс.

1 ЕСКЕРТПЕ Тұтынушының (тапсырушы) талабы бойынша жеткізу жинағын толтырып өзгертуге болады.

2 ЕСКЕРТПЕ Арнайы аспап және заттарының қосалқы бөлшектерінің мөлшері және құрамы тұтынушымен (тапсырушымен) анықталады және жеткізуге келісімде көрсетіледі.

5.6.2 Белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада сынадай деректер берілуі керек:

а) *өрт сөндіретін затсыз өрт сөндіру құрылғысының салмағы;*

б) *өрт сөндіру затының салмағы;*

в) *өрт сөндіретін затының белгісі;*

г) *пайдалану температуралардың барлық ауқымында газды шығаратын баллонда (түтікте) газ қысымының барынша және аздаған қысымы;*

д) *құю күні от сөндіретін (отсөндіретін заты бар тапсырушыға (тұтынушы) жеткізу кезінде);*

е) *(20 ± 2) °С температурада өрт сөндіретін затын сақтау үшін баллондағы (түтікте) қысым (өрт сөндіретін заты бар тапсырушыға (тұтынушы) жеткізу кезінде);*

ж) *өрт сөндіру құрылғы баллонның (түтік) зауыт нөмірі;*

и) *өрт сөндіру жұмыс істейтін серпінділігі;*

к) *өрт сөндіру құрылғыны дайындау күні;*

л) *нормативтік техникалық құжаттама нөмірі және атауы;*

м) *дайындаушы-кәсіпорын атауы.*

5.6.3 *Нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы керек.*

5.7 Буып-түю және таңбалау

5.7.1 Өрт сөндіру құрылғылары ГОСТ 23170 *талаптарына сәйкес буып-түйілген және* «Буып-түю, таңбалау, заттаңбалау және оны дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламенті *талаптарына тиісті таңбалау бар болуы керек.* (3 бөлімді қараңыздар).

5.7.2 Таңбалау нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамамен салыстыру және техникалық қамтамасыз ету үшін рұқсат жерде өрт сөнідур құрылғылары мен оның элементтерінде құрылғының бүйірлі бетінде түсірілуі керек.

5.7.3 Өрт сөндіру таңбалауында мынадай деректер бар болуы керек:

а) атауы немесе дайындаушы-кәсіпорынның сауда белгісі;

б) өрт сөндіру құрылғысының құрылымды белгісі;

в) белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама белгісі;

г) осы өрт сөндіру құрылғысымен сөндірілген ГОСТ 27331 бойынша (пиктограмма түрінде) өрт класстары;

д) өрттің модельді ошағының деңгейі;

е) өрт сөндіру құрылғысының толық жабдықталған салмағы;

ж) өрт сөндіру затының көлемі (салмағы) және түрі;

и) (20 ± 2) °С температурада баллонда (түтікте) жұмыс істеу қысымы;

к) пайдалану температураларының ауқымы;

л) зауыт нөмірі;

м) дайындалған айы және жылы.

5.7.4 қысым астында жұмыс істейтін баллондарда (түтіктерде) мынадай деректер көрсетіледі:

а) өрт сөндіретін заты жоқ баллонның (түтігі) салмағы;

б) баллонның (түтігі) жұмыс істеу қысымы;

в) баллонның (түтігі) сынақталған қысымы;

г) баллон ауыстырылып, қайта зарядталатын баллонның (түтік) кем салмағы;

д) баллонның (түтігі) гидростатикалық сынақты жүргізуге арналған күні;

е) баллонның (түтік) сынақ қысымының шамасы;

ж) баллонның (түтіктің) келесі куәландыру күні;

и) баллонның (түтіктің) төлқұжат деректері;

к) баллонның (түтіктің) дайындаушы атауы.

5.7.5 Өрт сөндіру құрылғысын және элементтерін таңбалау қызмет көрсету барлық мерзімде сақталуы керек.

5.7.6 Сәйкестендіру мақсаттарында нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында құрылымдық белгісі бар болуы керек.

Нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысының құрылымдық белгісі құрылғысы белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада көрсетіледі.

Өрт сөндіру құрылғының құрылымдық белгісі А қосымшасында берілді.

5.7.7 Өрт сөндіру құрылғысының тасымалдау ыдысын таңбалау және түрі дайындаушы-кәсіпорын және тұтынушы арасындағы келісім бойынша анықталады.

5.7.8 Ыдыс немесе орамаға ГОСТ 14192 талаптарына тиісті тасымалдау таңбалау түсіріледі.

5.7.9 Әр бір ыдыс немесе орамаға тасымалдау және сақтау кезінде дұрыс қолдануға «Байқаңыз, сынғыш!», «Жоғары, домалатпау!» және «Қыздырудан қорқады» белгілері бар ГОСТ 14192 бойынша айла шарғы белгілері түсірілуі керек.

5.7.10 Механикалық зақымдардан, атмосфералық тұнбалардан, тікелей күн сәуелелерінен қорғауды қамтамасыз ететін кезінде ыдыс жоқ өрт сөндіру құрылғыны тасымалдау рұқсат етіледі. *Осы кезде өрт сөндіру бір біріне тығыз жабысатын және (немесе) қатты негіздемеге, бір қатар тік қондырылады.*

Өрт сөндіру құрылғысының байланысты беттері тасымалдау кезінде механикалық зақымдар мүмкіндігін жоятын кез келген тығыздалатын материалмен қорғалуы керек.

5.7.11 Буып-түю алдында өрт сөндіру құрылғылары мен оның элементтері бір жыл мерзімімен ГОСТ 9.014 талаптарына сәйкес консервіленген болуы керек.

5.7.12 Өрт сөндіру құрылғылары мен оның элеменеттеріне нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама «Е» немесе «Б» орама қағазға және ГОСТ 9569 бойынша «БП-5» парафин қағазға немесе полиэтилен пакетіне буып-түйілуі және өрт сөндіру құрылғысының жәшігінде немесе корпусында сенімді бекітілуі керек.

6 Қауіпсіздік талаптары және қоршаған ортаны қорғау

6.1 Пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сынақ және өрт сөндіру құрылғысын жөндеу кезінде кезінде «Объектілерді қорғау үшін өрт техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Қысым астында жұмыс істейтін жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттерде, сондай-ақ ГОСТ 12.2.003 және ГОСТ 12.2.037 берілген қауіпсіздік талаптары сақталуы керек.

6.2 Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарға, сынақтарға және өрт сөндіру құрылғыларының жөндеуге:

а) ГОСТ 12.0.004 және ГОСТ 12.0.230 бойынша еңбектің қауіпсіз әдісін оқыту және арнайы нұсқау беру;

б) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес *медициналық қараулардан өтке тұлғалар рұқсат етіледі.*

6.3 Қолданысқа өрт сөндіру құрылғыларын қолмен жүргізу механизмі санкцияланбаған әсерін жоятын блоктанған тіркеуішпен жабдықталды.

Тіркеуішті блоктан ашу қолданысқа өрт сөндіру құрылғыларын беруден айырмашылығы бар операцияларды қамтуға тиіс.

Тіркеуішті блоктау пломбыланған болуы керек.

6.4 Өрт сөндіру құрылғының баллонынан (түтік) өрт сөндіру затыны шығаруға қолданылатын газдарға арналған шық нүктесі пайдалану аздаған температурадан төмен 5 °С қарағанда кем кем емес болуы керек.

6.5 Тығын арматура (тығын-жіберу құрылғысы, крандар) ГОСТ 21752 және ГОСТ 21753 эргономикалық талаптарға сәйкес болуы керк және «АШЫҚ» және «ЖАБЫҚ» жазбаларымен өрт сөндіру ағымының бағытын көрсеткішімен (тілшігімен) жабдықталып, өрт сөндіру құрылғысының ажырату және өздігінен немесе кездейсоқ қосу мүмкіндігін жою керек.

6.6 Сынақ немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу жерлерінде «Өндірістік объектілерде сигнал түстеріне, өлшемдері мен қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті және түсіндіретін жазбасы бар «Сынақтар жүргізіліп жатыр!» ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 талаптарына сәйкес «Қауіптілік. Назар аударыңыз» ескертпе белгілері қондырылып, сондай-ақ нұсқаулықтар мен қауіпсіздік ережелері ілінуі керек.

6.7 Техникалық қызмет көрсету, сынақтар, өрт сөндіру құрылғысын және оның элементтерін жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілетін бөлмелер ГОСТ 12.4.021 бойынша тартылым-келтірім желдеткішпен жабдықталып, [2] талаптарына сәйкес жарықтануы мен [3] талаптарына сәйкес жылытуы бар болуы керек.

6.8 От сынақтарды жүргізу кезінде операторларда ГОСТ 12.4.011 талаптарына тиісті көз бен тері беті, дем алу органдары қорғанысының құралдары бар болуы керек.

От камералар жанбайтын материалдардан дайындалып, ГОСТ 12.4.021 бойынша тартылым-келтірім желдеткішпен жабдықталып, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жинақталуы керек.

6.9 Жөндеу жұмыстарын жүргізу және пайдалану процесінде:

а) механикалық ақаулар бар манометр немесе қысым индикаторымен өрт сөндіру құрылғысын пайдалану;

б) өрт сөндіру құрылғыда немесе белгіленген газгенерирленген элементтерде баллондағы (түтіктегі) қысым бар болса жөндеу жұмыстарын орындау тыйым салынады

6.10 Өрт сөндіретін заттар ретінде қолданылатын ұнтақтар, аэрозольдер, сондай-ақ су-көбікті және газ өрт сөндіретін құрамдарда санитарлық-эпидемиологиялық сараптама негізінде Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау уәкілетті органымен белгіленген модельді гигиеналық тұжырымдама бар болуы керек.

6.11 Бұзылатын немесе бөлшекті бұзылатын корпусымен өрт сөндіру жарақатты қауіпті элементтерін тастау кезінде құралу керек.

7 Қабылдау ережелері

7.1 Нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысы мынадай сынақ түрлеріне салынады:

а) қабылдау;

б) біліктілік;

в) қабыладу-тапсыру;

г) кезеңділік;

д) тұрпатты;

е) сенімділікке бақылау сынақтар;

ж) *сертификаттау.*

7.2 Өрт сөндіру құрылғыларының қабылдағыш сынақтары тәжірибе топтаманың үлгілерінде жүргізіледі. Қабылдағыш сынақтарын жүргізу әдістемесі және көлемі дайындаушы-кәсіпорынмен әзірленіп, өнімнің әзірлеуішісімен келісіледі.

7.3 Өрт сөндіру құрылғыларының біліктілік сынақтары өнімнің шығарылуына кәсіпорынның дайындығын анықтау мақсатымен бірінші өнеркәсіптік топтама немесе қондырылатын серияның үлгілерінде жүргізіледі.

7.4 Қабылдау-тапсыру сынақтары тұтынушыға (тапсырушыға) жеткізуге нақты тұрпатты құрылғыларының жарамдылығы туралы шешімдерді қабылдау мақсатымен дайындаушы-кәсіпорынмен жүргізіледі.

7.5 Техникалық процесі және өнім сапасының тұрақтылығын бақылау мақсатымен қабылдау-тапсыру сынақтарды өткен нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғыларында үш жылда бір реттен сирек емес жүргізіледі.

7.6 Өрт сөндіру құрылғылардың жұмысқа қабілетін қамтамасыз ететін негізгі параметрлеріне әсер етуге қабілетті құрылымға немесе технологиялық дайындауға өзгертулерді енгізу кезінде тұрпаттық сынақтар жүргізіледі. Тұрпатты сынақтарды жүргізу әдістемесі және көлемі дайындаушы-кәсіпорынмен әзірленіп, өнімнің әзірлеуішісімен келісіледі.

7.7 *Сертификаттау сынақтарына «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар»;* «Объектілерді қорғау үшін өрт техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» *техникалық регламенттер мен осы стандарт, сондай-ақ белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты өрт сөндіру құрылғысында нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігінін анықтау мақсатымен өрт сөнідур құрылғыға салынады.*

Өрт сөндіру құрылғылардың сертификаттау сынақтары Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген меншікті пішінге байланысты емес сынақ зертханалар жүргізеді.

Өрт сөндіру құрылғылардың сертификаттау сынақтарын жүргізу тәртібі [1] талаптарына сәйкес болуы керек.

Өрт сөндіру құрылғылардың сынақтарының нәтижелері сертификаттау сынақтарының хаттамасымен ресімделеді.

